



РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

Сәкен Сейфуллин – халқымыздың біртуар перзенті

Өмірге жұлдыз болып келетін халықтың еркесі, дарынды жандардың бірі, қазақтың көрнекті жазушысы, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі, мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 15 қазан күні 125 жыл толды.

Еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігі үшін күрескен алаштың ардақтысы Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығын оқып білуге баулып, ақынның өз заманындағы саяси-қоғамдық көзқарасын танытып, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу мақсатында Кертінді үлгілі ауылдық кітапханасында Мүтәш Сүлейменов атындағы ЖОББМ қазақ тілі мен



әдебиеті пәнінің мұғалімі Тұрмағанбетова Жұмакүл Аманқызымен бірлесіп ұйымдастырылған «Қазақ әдебиетінің ақсұңқары» атты әдеби кеш өткізілді. Кешті Бағдат Көшмағанбетқызы «Қазақ әдебиетінің ақсұңқары» атты кітап көрмесімен таныстырудан бастады. Одан кейін сөз кезегін Жұмакүл Аманқызы алып, Сәкен Сейфуллиннің еңбек жолдарына тоқталып өтті. Осы кеште Сәкен Сейфуллиннің өлеңдерін оқушылар жатқа айтып, белсенділік танытты.

Сәкен - қазақтың маңдайына біткен біртуар дара тұлғалардың бірі. Ол өз ұлтын қалтқысыз сүйіп, халқына еңбек сіңірді. Сәкен ақын қазақ халқының жүрегінде. Себебі өмірдің өзі бізге үлгі тұтатын жандарды сыйлап отыр. Біз солармен мақтануымыз керек.

Б.К. Ахтямова
Кітапхана ісінің үздігі,
Кертінді ауылы